1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

поэтапный подход к реагированию на кризисы. Внедрение механизмов раннего выявления угроз, профилактических мер, оперативного реагирования, восстановления и обучения способствует снижению проектных рисков и повышению устойчивости к внешним и внутренним вызовам. Представленные рекомендации могут быть использованы в практике управления инвестиционными проектами для повышения их устойчивости в условиях неопределённости.

Список использованных источников

1. Voronov A.S., Karmanov M.V., Kiseleva I.A., Kuznetsov V.I., Leontieva L.S. Current Issues in Assessment of Risks Related to Investment Projects // International Journal of Engineering and Technology. — 2018. — Vol. 7. — P. 336. — DOI: 10.14419/IJET.V7I3.15.18701
2. Walas-Trebacz J., Bartusik K. Identification of risk types in innovation projects // International Journal of Contemporary Management. — 2023. — No. 59. — P. 74–93.
3. Salehi A. Clarifying Project Management in the Crisis Situations: Concentrating on Covid-19 Pandemic. — 2023. — DOI: 10.58806/ijsshmr.2023.v2i10n03
4. Schwab J. Oil as the villain? How the Kazakhstani media unsuccessfully framed a pipeline leak at the giant Kashagan oil field //Energy Research & Social Science. – 2024. – Т. 118. – С. 103748.

ЭОЖ 316.422.4

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН БАСҚАРУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ ТИІМДІЛІГІ: СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Кужебаева Аружан Асхатовна
Алшынбеков Бақдәулет Қайратұлы
aruzhan.kuzhebayeva@gmail.com
bakdaulet.alshynbekov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің студенттері, Астана,
Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Амренова

Инновация – экономикалық дамудың басты қозғаушы күші. Ғылым мен технологиялардың қарқынды дамуы жаһандық бәсекеге қабілеттілікті айқындайтын негізгі факторға айналды. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан үшін инновациялық даму стратегиялық маңызға ие. Тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу, өндіріс тиімділігін арттыру, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету сынды басымдықтар ғылым мен инновацияға негізделуі қажет. Алайда еліміздің инновациялық әлеуетін толық іске асыру үшін мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру маңызды. Қазақстан халықаралық рейтингтерде белгілі бір жетістіктерге жеткенімен, әлі де шешуді қажет ететін түйткілдер бар. Оларға ғылыми жаңалықтардың коммерциялануының төмендігі, кәсіпорындардың инновацияға аз инвестиция салуы, стартап экожүйесінің әлсіздігі және кадр тапшылығы жатады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселенің маңыздылығын ерекше атап өткен болатын. Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында Президент: “Еліміз тұрақты дамуы үшін өзгерістерге тез бейімделіп, тың мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану өте маңызды. Бұл – стратегиялық міндет. Осы орайда мемлекет ғалымдарға, сарапшыларға, ел экономикасына жаңашылдық әкелетін мамандарға зор үміт артады. Оларға айрықша миссия жүктеледі. Сол үшін де ғылыми әлеуетімізді нығайта береміз. Барлық салаға инновациялық тәсілдер енгізу үшін қолайлы жағдай жасаймыз”, – деп, Қазақстанның инновациялық дамуын жеделдету қажеттігін нақты атап өтті. Инновациялық даму – елдің тұрақты әрі қарқынды дамуының басты кілті. Технологиялық

жаңашылдықтар тек экономиканы күшейтіп қана қоймай, азаматтардың өмір сапасын жақсартады. Ендеше, елімізде инновациялық саясат қаншалықты тиімді жүзеге асырылып жатыр? Қандай қиындықтар бар, оларды еңсерудің жолдары қандай? Бұл сұрақтарға жауап іздеп, инновациялық дамудың келешегін бағамдап көрейік.[1]

Қазақстан қазіргі таңда тек үлкен мүмкіндіктерге ие ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты іске асырып отырған қуатты мемлекетке айналып келеді. Мемлекеттің даму деңгейін айқындайтын басты фактор – оның экономикасының бәсекеге қабілеттілігі. Бұл бағытта индустриялы-инновациялық экономиканы қалыптастыру және шикізаттық емес секторды дамыту негізгі басымдықтардың бірі болып табылады. Индустрияландыру – экономикалық өсудің қозғаушы күші ретінде жаңа технологияларды енгізуді, өнеркәсіптік өндірісті дамытуды және еңбек өнімділігін арттыруды көздейтін үдеріс. Индустрияландыру ұғымына тоқталсақ, бұл – дәстүрлі экономикалық жүйеден индустриялық кезеңге өтуді білдіретін, өндірістің барлық салаларына жаңа технологияларды енгізумен байланысты терең әлеуметтік-экономикалық өзгеріс. Бұл үдеріс энергетика, металлургия, машина жасау және басқа да салалардағы инновациялық жетістіктермен тығыз байланысты. Индустрияландырудың нәтижесінде өндіріс көлемі артып, экономиканың құрылымы өзгеріп, халықтың әл-ауқаты жақсарады. Қазақстанда индустрияландыру саясатының бастамасы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында жарияланды. Бұл стратегия аясында үдемелі индустрияландыру еліміздің ұзақ мерзімді экономикалық дамуын қамтамасыз ететін басты құрал ретінде қарастырылды. Осы мақсатта 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Дегенмен, Қазақстанның инновациялық даму қарқыны тұрақты болғанымен, әлемнің жетекші елдерімен салыстырғанда белгілі бір артта қалушылық байқалады. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін соңғы жылдары бірқатар мемлекеттік құжаттар қабылданды. Солардың бірі – Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасы. Бұл құжат ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық бағыттарды айқындады, олардың ішінде адами капиталды дамыту, институционалдық ортаны жетілдіру, ғылыми сыйымды экономиканы қалыптастыру және инфрақұрылымды жетілдіру сияқты басымдықтар белгіленді. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында 40-тан астам бағдарлама іске қосылды. Олардың ішінде «Бизнестің жол картасы-2020» және «Өнімділік-2020» сияқты бизнесті қолдау және өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған жобалар бар. Бұл бағдарламалар Қазақстанның барлық өңірлерінде индустриялық-инновациялық дамуды жандандыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етуде. Индустрияландыру картасы шеңберінде жалпы құны 12,1 трлн теңгеден асатын 927 жоба жүзеге асырылып, нәтижесінде құрылыс кезеңінде 235 мың, ал пайдалану кезеңінде 195 мың жұмыс орны құрылмақ. Бұдан бөлек, республикалық картаға жалпы құны 8,1 трлн теңге болатын 48 аса ірі әлеуметтік маңызы бар жоба енгізілді. Оларды іске асыру 230 мыңнан астам жұмыс орнының ашылуына мүмкіндік береді. Аймақтық картаның аясында 4 трлн теңгеге жуық қаражатқа 879 жоба жүзеге асырылып, 200 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылады. 2010-2013 жылдар аралығында мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру үшін 3,7 трлн теңге бөлінсе, инвестициялық жобаларды іске асыруға 2,4 трлн теңге көлемінде жеке инвестициялар тартылды. 2013 жылы мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға бюджеттен 866,3 млрд теңге бағытталды.[2]

"Қазақстан-2050" стратегиясынан басқа инновацияларды дамытуға бағытталған бірқатар заңнамалық және стратегиялық құжаттар қабылданды. Солардың бірі "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы. Қазіргі таңда Қазақстан экономикасын цифрландырудың маңыздылығы артып келеді. Бұл үрдіс еліміздің әлемдік аренадағы экономикалық өсуі мен бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға мүмкіндік береді. Осы бағыттағы басты құрал – «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Цифрландыру ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналып, тұрақты жұмыс орындарын құруға ықпал

ете алады. Ол Қазақстан экономикасына жаңа технологияларды бейімдеп, оларды дамытуға серпін береді. Мысалы, 2019 жылы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында 8 мың жаңа жұмыс орны ашылды.

2018-2019 жылдары бағдарламаның жалпы экономикалық тиімділігі 600 млрд теңгеден асты. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды мемлекеттік қызметтер, білім беру, денсаулық сақтау, қаржы, көлік және тау-кен металлургиясы салаларына енгізу айтарлықтай нәтижелер берді. Цифрлық технологияларды одан әрі дамыту Қазақстанның әлемдегі ең бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енуіне және халықтың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қоспақ.

Одан бөлек, ҚР Инвестиция және даму министрі Жеңіс Қасымбектің мәлімдеуінше, Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында Қазақстанда «Индустрия 4.0» процесін дамытуға ерекше көңіл бөлді. Қазіргі таңда төртінші өнеркәсіптік революция, яғни «Индустрия 4.0», жаһандық экономикада маңызды үрдіске айналды. Бұл процесс өнеркәсіп салаларын жаңғырту үшін озық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдануды қажет етеді. Президенттің тапсырмасына және халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, елімізде «Индустрия 4.0» негізінде өнеркәсіпті технологиялық жаңғыртуға арналған кешенді шаралар мен тұжырымдама әзірленетін болады. Жалпы, «Индустрия 4.0» элементтерін енгізу Қазақстан өнеркәсібіндегі процестерді жеңілдетуге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар электронды форматта деректермен алмасуды ұйымдастырып, қажетті бөлшектерді тікелей өндіріс орнында аз мөлшерде шығаруға жағдай жасайды (мысалы, автомобиль өндірісінде). Сонымен қатар, өндірісті автоматтандыру адам еңбегін ішінара алмастыруға мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру, патенттеу және коммерцияландыру мәселелерін реттейтін заң - "Ғылым туралы" Заң. Алайда, бұл заң ҚР 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VII заңымен жойылды. Қазақстан Республикасы инновациялық жобаларды дамыту мақсатында бірнеше қаржылық қолдау құралдарын ұсынады. Біріншіден, ол гранттар. Инновациялық қызметті ынталандыру үшін мемлекет түрлі гранттар береді. Олар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, "Ғылым қоры", "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік" арқылы беріледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсының қорытындысы бойынша Ұлттық ғылыми кеңес (ҰҒК) 76 жобаны мақұлдады. Алайда, 4 жоба іске асырудан бас тартқандықтан, 72 жоба бойынша грант беру туралы келісім-шарт жасалды. Жалпы грант сомасы 21,4 млрд теңгеден асады, оның ішінде 2023 жылға 5,3 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар, қосымша 7,4 млрд теңге қоса қаржыландырылмақ. Бұл қаржыландыру ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізуге, технологиялық инновацияларды дамытуға және стартап-жобаларды қолдауға бағытталған. Мемлекет тарапынан мұндай қолдау елдегі ғылыми жаңалықтардың коммерциялану деңгейін арттырып, кәсіпкерлік секторды жаңа технологияларды игеруге ынталандырады. [3][4]

Қазақстандағы инновациялық дамудың негізгі институттарының бірі – «QazInnovations» Инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ. Бұл ұйым инновациялық экожүйені дамытуда маңызды рөл атқарады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инновациялық даму саласындағы ұлттық даму институты болып табылады. Агенттіктің жалғыз акционері – «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ. QazInnovations келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді: Инновациялық гранттар беру – стартаптар мен технологиялық жобаларды қаржыландыру. Технологиялық инфрақұрылымды дамытуға әдістемелік қолдау көрсету – технологиялық платформалар, салалық құзырет орталықтары, бизнес-инкубаторлар құру. Қазақстан Республикасының технологиялық саясатын іске асыру – инновацияларды дамыту бойынша стратегиялық бастамаларға қатысу. 2022 жылы агенттік арқылы 13 жобаға 2,4 млрд теңге көлемінде грант бөлінді. Сонымен қатар, жыл соңына дейін жетекші халықаралық компаниялардың стратегиялық серіктес ретінде тартылуы жоспарланып отыр.

Екінші инновациялық жобаларды дамыту мақсатында қаржылық қолдау құралы –субсидиялар болып табылады. Олар агроөнеркәсіп, өндіріс және ІТ салаларында мемлекеттік субсидиялар арқылы қолдау көрсетіледі. Бұл шаралар Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған.

Үшіншісі ол салықтық жеңілдіктер. Бұл қаржылық қолдау құралы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, инновациялық кәсіпорындар мен технопарктерге корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша жеңілдіктер қарастырылған. Бұл қолдау құралдары Қазақстанның инновациялық әлеуетін арттыруға және экономиканың тұрақты дамуына ықпал етеді.

Қазақстанда инновациялық даму мемлекеттік саясаттың басым бағыты болғанымен, бұл салада айтарлықтай қиындықтар сақталуда. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру деңгейінің төмен болуы, технологиялық экожүйенің әлсіздігі, кадр тапшылығы, арнайы экономикалық аймақтардың тиімділік көрсеткіштерінің төмендігі және мемлекеттік саясаттың тұрақсыздығы инновациялық дамуды тежейтін негізгі факторлар болып табылады.

Ең алдымен, Қазақстандағы ғылыми жаңалықтардың өндірістік қолданысқа енгізілуі баяу жүріп жатыр. Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының 2023 жылғы инновациялық индексінде Қазақстан 80-орында тұр. Бұл көрсеткіш ғылыми жаңалықтардың нарыққа жеткілікті деңгейде шықпайтынын айғақтайды. Инвесторлар ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға құлықсыз, себебі инновациялық жобалардың нарықтық тартымдылығы төмен. Бұдан бөлек, ғылыми институттар мен өндірістік кәсіпорындар арасында тиімді кооперация қалыптаспаған, ал зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесі әлі де жетілдіруді қажет етеді.

Екінші мәселе – инновациялық экожүйенің әлсіздігі. Стартап-мәдениеті енді ғана қалыптасып жатқандықтан, қазақстандық жобалар халықаралық нарыққа шыға алмай отыр. Бұған технологиялық инвесторлар мен венчурлық капиталдың тапшылығы, бизнес-инкубаторлар мен акселераторлардың жеткіліксіздігі және мемлекеттік қолдау механизмдерінің тиімсіздігі әсер етуде. 2023 жылы Қазақстандағы венчурлық инвестиция көлемі небәрі 50 миллион долларды құраған, бұл көрші елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен көрсеткіш. Кадр мәселесі де күрделі жағдайда қалып отыр. Білікті инженерлер мен зерттеушілердің тапшылығы инновациялық дамуға кері әсерін тигізуде. Ғалымдардың жалақысы нарықтағы басқа мамандықтармен салыстырғанда төмен болғандықтан, білікті мамандар шетелдік университеттер мен зерттеу орталықтарына кетуге мәжбүр. Бұл үрдіс жыл сайын күшейіп келеді, 2022 жылы елден кеткен жоғары білікті мамандардың саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 20 пайызға артқан.

Отандық кәсіпорындар жаңа технологияларды енгізуге асықпайды, бұл инновация саласындағы мамандарға деген сұранысты төмендетіп отыр. Арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігі де күмән тудырады. Бүгінде Қазақстанда 11 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді, оларға 800 миллиард теңге инвестиция құйылғанымен, олардың жұмысы күтілген нәтижені толық бермеді. Өндірістік кластерлер әлсіз дамыған, шетелдік компаниялармен технологиялық кооперация төмен деңгейде, ал бөлінген қаржының тиімді игерілуі де мәселеге айналып отыр. Инвесторлар үшін салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылғанымен, бюрократия мен әкімшілік кедергілер шетелдік компанияларды тартуға кедергі келтіруде.

Мемлекеттік саясаттың тұрақсыздығы да инновациялық дамуға теріс әсерін тигізуде. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары жиі өзгеріп, толық жүзеге аспай жатып жаңартылып жатады. Қаржыландыру жүйесі күрделі бюрократиялық рәсімдерге тәуелді болғандықтан, стартаптарға бөлінетін гранттар мен субсидиялар кешігіп жетеді. Сонымен қатар, инновациялық саясатты жүзеге асыратын мекемелер жиі өзгеріп, бұл өз кезегінде бағдарламалардың нәтижелілігін төмендетуде. Қазақстандағы инновациялық дамудың

тежелуіне бірнеше негізгі фактор ықпал етуде. Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру механизмдерін жетілдіру, венчурлық қаржыландыруды дамыту, ғылыми кадрлардың әлеуетін нығайту, арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру және мемлекеттік саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ету – инновациялық дамуды жеделдетудің басты тетіктері. Егер осы мәселелер шешілсе, Қазақстанның инновациялық экономикаға көшуі сәтті жүзеге асады.

Қазақстандағы инновациялық дамуды жеделдету үшін бірқатар жүйелі шараларды жүзеге асыру қажет. Біріншіден, ғылыми зерттеулердің коммерцияландыру деңгейін арттыру маңызды. Бұл үшін зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру, бизнес пен ғылыми ортаның кооперациясын күшейту және университеттердің ғылыми-зерттеу базасын нығайту қажет. Ғалымдардың стартаптарға қатысуын ынталандыру мақсатында ғылыми жобаларға жеке инвестициялар тартудың жаңа механизмдерін енгізу керек. Мысалы, салықтық жеңілдіктер мен мемлекеттік кепілдіктер беру арқылы венчурлық капиталдың қызығушылығын арттыруға болады. Екіншіден, инновациялық экожүйені дамыту үшін венчурлық инвестицияларды қолдау қажет. Қазақстанда венчурлық қаржыландыру көлемі төмен болғандықтан, мемлекет бұл секторға белсенді араласуы тиіс. Венчурлық қорларға салықтық жеңілдіктер беру, инвесторларды тарту үшін құқықтық негіздерді жетілдіру, стартаптарға қаржылық қолдау көрсететін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін енгізу маңызды. Сонымен қатар, бизнес-инкубаторлар мен акселераторлардың санын көбейтіп, оларды халықаралық тәжірибе негізінде жетілдіру қажет. Кадр мәселесін шешу үшін ғылыми қызметкерлер мен инженерлердің жалақысын арттыру, зерттеушілерге арналған гранттар мен стипендиялар көлемін ұлғайту, инновациялық бағыттағы жоғары оқу орындарын қолдау қажет. Шетелде оқыған білікті мамандарды елге қайтару үшін арнайы бағдарламалар әзірлеу керек. Мысалы, шетелдік тәжірибесі бар мамандар үшін арнайы жұмыс орындарын ұсыну, ғылыми жобаларды іске асыруға қаржылық қолдау көрсету және тұрғын үймен қамтамасыз ету сияқты шаралар тиімді болар еді. Арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру үшін олардың қызметін қайта қарастырып, нақты нәтижеге бағытталған реформалар жүргізу қажет. Шетелдік компанияларды тарту үшін әкімшілік рәсімдерді жеңілдету, салықтық және кедендік жеңілдіктерді кеңейту, жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін бірдей қолайлы жағдай жасау маңызды. Сонымен қатар, бұл аймақтарды инновациялық кластерлерге айналдыру мақсатында жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға басымдық берілуі тиіс. Мемлекеттік саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді стратегия қалыптастыру қажет. Инновациялық даму бағдарламалары жиі өзгеріп, үйлестіруші мекемелер қайта құрылып жатқандықтан, жүйелілік пен тұрақтылық қағидатын ұстану маңызды. Мемлекеттік қолдау шараларының ашықтығын қамтамасыз ету үшін цифрлық платформалар арқылы қаржыландырудың тиімділігін бақылау жүйесін енгізуге болады. Жалпы, Қазақстанның инновациялық дамуын жеделдету үшін ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру, венчурлық инвестицияларды тарту, кадр мәселесін шешу, арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру және мемлекеттік саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытында нақты қадамдар жасау қажет. Егер осы шаралар жүйелі түрде іске асса, Қазақстан әлемдік инновациялық көшбасшылар қатарына қосылуға мүмкіндік алады.

Қорытындылай келсек, инновациялық даму – Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты факторы. Елде индустрияландыру мен цифрландыру бағытында бірқатар мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қаржылық қолдау көрсетілуде. Дегенмен, ғылыми жаңалықтардың коммерциялануының төмендігі, венчурлық инвестициялардың аздығы, кадр тапшылығы, арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігінің жеткіліксіздігі және мемлекеттік саясаттың тұрақсыздығы инновациялық дамуға кедергі келтіруде. Бұл мәселелерді шешу үшін ғылыми зерттеулердің коммерциялануын жетілдіру, венчурлық қаржыландыруды дамыту, білікті кадрларды даярлау және шетелден тарту, арнайы

экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ инновациялық саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Егер осы шаралар жүйелі түрде іске асса, Қазақстанның инновациялық әлеуеті артып, экономикасы жаңа даму деңгейіне көтеріледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ғылым және сын-қатерлер: Қазақстанның алдында тұрған міндеттер <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyngylym-zhane-tehnologiyalar-zhonindegi-ulttyk-kenestin-otyrysynda-soylegen-sozi-123450>
2. Ел экономикасының өркендеп өсуінің негізгі бір тірегі-инновациялық тұрғыдан дамуы <https://egemen.kz/amp/article/21814-innovatsiyalyq-damu-dgolynda>
3. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407>
4. «Ғылым қоры» АҚ <https://science-fund.kz/kk/grant-funding/>

УДК 338.001.36

ФОРМИРОВАНИЕ КЛИЕНТСКОЙ ЛОЯЛЬНОСТИ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ КОФЕЙНИ ИП «LE SALEM»

Левкин Кирилл Алексеевич

nngmath@mail.ru

Магистрант образовательной программы 7М04130 Стратегический менеджмент,
ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Б.Толысбаев

Достижение качественных изменений в отечественной структуре предпринимательства определено в числе ключевых целей реализации Стратегий Республики Казахстан. Это подтверждается тем, что уже сегодня в нашей стране создано хорошие условия для успешного развития бизнес-деятельности граждан. Вовлечение большого числа людей в сферу малого бизнеса дает возможность развиваться многим отраслям экономики. Это достигается за счет поддержки со стороны государства. В качестве примера можно привести принятую государственную программу по предоставлению безвозмездных грантов начинающим предпринимателям. В 2024 году было выдано около 21,7 тысяч грантов со средним размером около 1,3 миллионов тенге. Также молодым предпринимателям выдаются микрокредиты на реализацию собственного бизнес-проекта в 2,5% годовых [1]. Разумеется, стремление государства помочь молодежи не случайно. Не секрет, что многие молодые люди испытывают трудности при поиске работы после окончания учебного заведения. Начать свое дело хорошо, развивать свой бизнес это уже другая проблема. При реализации своего дела формирование клиентской базы и расширение ее является актуальной проблемой. Так как постоянные клиенты обеспечивают повторные покупки и выступают «адвокатами бренда», бесплатно распространяя о нем позитивную информацию. Поэтому лояльность покупателей называют «живительной силой» малого бизнеса.

В маркетинге потребительскую лояльность понимают как покупательскую приверженность определенной компании, ее марке или бренду, основанную на привычке и предпочтении приобретать товары именно этой компании и отвергать альтернативы, даже если условия (цены, выгоды) у конкурентов временами привлекательнее [2]. Многие исследователи данной проблемы утверждают, что постоянные клиенты, оставаясь с компанией длительное время, регулярно совершают покупки и тем самым создают стабильность продаж, прибыли и рентабельности фирмы [3]. Таким образом лояльность потребителей можно рассматривать как фактор формирования конкурентных преимуществ и долговременной устойчивости бизнеса.

В настоящей статье представлены результаты деятельности кофейни ИП «Le Salem». Кофейня ИП «Le Salem» представляет собой небольшой независимый объект общепита, рассчи-